

2024 жылғы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі іс-шаралар жоспары

Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің «Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярлау орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

р/с №	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша ұсынымдар	Іс-шара	Аяқтау нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімі
1.	1) квазимемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті реттейтін нормативтік құқықтық актілерге, бақылау кеңестері немесе өзге де тәуелсіз басқару органдары жоқ мемлекеттік кәсіпорындардың ерекшеліктерін ескере отырып, өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстарды уәкілетті	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, сондай-ақ бақылау кеңесі немесе өзге де тәуелсіз басқару органдары жоқ қазыналық мемлекеттік кәсіпорындардың ерекшелігін ескере отырып, квазимемлекеттік	Ұсыныстарды Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігіне жолдау. <i>(Ұсыныстарды Министрліктің уәкілетті жұмыскерлерімен талқылап, Министрлік арқылы мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын)</i>	Заң бөлімі.	2026 жылдың 1-ші жартыжылдығында.

<p>органдарға әзірлеп, енгізу;</p> <p>2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңында және Үлгілік ережеде мемлекеттік кәсіпорындарға қатысты арнайы нормаларды көздеу, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> – тікелей мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органына бағынатындай етіп тәуелсіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметін құру мүмкіндігін бекіту; – комплаенс-функцияларды заң, кадр және өзге құрылымдық бөлімшелердің функцияларымен қоса атқаруға тыйым салу; – директорлар кеңесі/байқау кеңесі болмаған жағдайда 	<p>сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті реттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.</p>	<p><i>басқару жөніндегі уәкілетті органдарға жолдау мүмкіндігін қарастыру)</i></p>		
---	--	--	--	--

	<p>комплаенс-қызметтің мәртебесін айқындаудың және оның регламентін бекітудің ерекше тәртібін белгілеу.</p> <p>Орталықтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелер қатарынан заң бөлімін шығару жөнінде жұмыс жүргізу.</p>				
2.	<p>1) Орталық қызметіне спортшыларды жиындар мен жарыстар кезінде орналастыру жағдайларына тәуелсіз бақылау элементін енгізу, оның ішінде «жасырын сатып алушы» құралын пайдалану – орындарда таңдамалы тексерулер жүргізу үшін құпия</p>	<p>Механизмдерді, сондай-ақ қажет болған жағдайда ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу.</p>	<p>Директордың немесе директордың міндетін атқарушы тұлғаның атына механизмді сипаттайтын, сондай-ақ қажет болған жағдайда қоса берілген ішкі нормативтік құжаттары бар қызметтік жазба.</p>	<p>Спорт бойынша Басқарма.</p>	<p>2026 жылдың 1-ші жартыжылдығында.</p>

<p>түрде уәкілетті қызметкерлерді алдын ала хабарламай жіберу; 2) сәйкессіздіктер анықталған жағдайда (сметада көзделмеген жағдайларда орналастыру, қолжетімді ортаның болмауы және т.б.) бұзушылықтарды фото және (немесе) бейнетіркеу арқылы құжаттау, кейіннен Орталық басшылығына ұсынылатын есепті дайындауды қамтамасыз ету.</p>				
--	--	--	--	--